

Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға кеден тарифі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 19994 жылғы 11 қаңтардағы N 1499. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Республиканың сыртқы сауда саласында мемлекеттік реттеу жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында және "Кеден тарифі және баж салығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаулы етемін:

1 - 5 < * >

Ескерту. 1-5 тармақтардың күші жойылды - ҚР Президентінің 1995.12.14. N 2686 жарлығымен.

6. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Тауарларды декларациялау және оларды Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 ақпандағы N 129 қаулысына /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-сб 1993 ;76 N 5, 56-бап/ тиісті өзгертулер енгізсін.

7. Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға осы кеден тарифі күшіне енген сәттен бастап:

экспортқа шығарылатын тауарларға баж салығын төлеу жөніндегі кейбір кәсіпорындар мен ұйымдарға жеңілдіктер беру туралы бұрын қабылданған ш е ш і м д е р ;

"Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға кеден тарифі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 9 наурыздағы N 1154 Жарлығының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті